

УДК 316.324

## ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЛДАРЫ (ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ МЫСАЛЫНДА)

Зарина Әскербекқызы

[zarinaaskerbek1@gmail.com](mailto:zarinaaskerbek1@gmail.com)

Гүлдарина Нұрмағанбет

[d\\_nurmaganbetova@mail.ru](mailto:d_nurmaganbetova@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
В-50100 - «Әлеуметтану» мамандығының студенттері  
Ғылыми жетекші –Б. Смағамбет

### Аннотация

*Мақалада әлемдік өзекті мәселенің біріне айналған шөлейттенудің Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпалы баяндалады. Шөлейттену аймағында орналасқан елді-мекендер табиғи ортаның өзгеруіне байланысты күрделі экологиялық проблемалардың нәтижесінде әлеуметтік-экономикалық сипаттағы кедергілерге тап болуда. Арал теңізінің тартылу процесінен бастау алатын Қызылорда облысындағы шөлейттенудің салдары арқылы мәселенің әлеуметтанулық қырына назар аударылады.*

**Негізгі ұғымдар:** адам, қоғам, әлеуметтік экология, шөлейттену, өмір сапасы, қоғамдық денсаулық, миграция, экологиялық мигрант

Шөлейттену - жердің деградациясы, климаттың өзгеруі немесе адам қызметі сияқты әртүрлі факторлардың әсерінен топырақтың пайдалы қасиеттерінің жоғалуы. Шөлейттенуді мониторинг жасаудың негізгі индикаторлары: тематикалық, кеңістіктік, динамикалық, әлеуметтік-экономикалық болып бөлінеді. Олар бірін-бірі толықтырып, шөлейттенудің толық сипаттамасын береді. БҰҰ Тұрақты даму департаментінің зерттеуіне сәйкес, Қазақстан аумағының 60% жуығы шөлейттену процесінің даму қаупі жоғары аймақ саналады. КСРО кезінде көптеген жерлер өңделді, бірақ Кеңестер Одағы ыдырағаннан кейін 17 миллион га егістік жер қараусыз қалды және оларды бақылау үшін ешқандай шаралар қабылданбады. Нәтижесінде 12 миллион га жел эрозиясына ұшырады, тағы 4 миллион га су эрозиясына ұшырады.

Қазақстанның шөлейттенген аймақтарының әлеуметтік ахуалы осы жерлерден халықтың жыл сайынғы көшіп кетуінің динамикасымен сипатталады. Экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы мен тіршілік ету ортасының тозуы салдарынан халықтың тұрмыс деңгейінің төмендігі, дұрыс тамақтанбау, медициналық қызмет көрсетудің жеткіліксіздігі, тұтынуға жарамсыз ауыз су, шаңды және тұзды дауылдар халықтың денсаулық жағдайының күрт нашарлауына, өмір сүру ұзақтығының қысқаруына, халықтың өсуінің төмендеуіне әкелді, бұл - демографиялық қолайсыздықтың жаршысы. Шөлейттену бірқатар экономикалық және әлеуметтік салдарларға алып келді, оның ішінде:

- өсімдік өнімдерінің түсімділігі мен жалпы өнімінің азаюы;
- мал басының және мал шаруашылығы өнімділігінің азаюы;

- аграрлық саласының экспорттық әлеуетінің азаюы;
- тамақ және жеңіл өнеркәсіптің дамуының тоқтауы;
- аграрлық және ұқсату секторларынан салық қаражаттарының бюджетке түсуінің жедел азаюы.

Қазақстан жерінің шөлейттенген негізгі аймақтары - Шығыс Қазақстан (Семей өңірі), Алматы облысы (Балқаш көлі маңы), Қызылорда облысы (Арал маңы), Маңғыстау облысы, Қарағанды облысы (Жезқазған аймағы).

Жер көлемінің көп бөлігі жеткіліксіз ылғалдану аумағында орналасқан Қызылорда облысы үшін де шөлейттену - көкейкесті мәселе. Облыстың ауданы шамамен 25 млн гектарды құрайды. Оның 13 млн.га жуығы ауылшаруашылық жерлері. 300 мың га суармалы жер болса, шамамен 1 млн 400 мың га жер жайылымдық санатқа кіріп, қалған жерлер қолданыста емес. Облыс аумағында Қызылқұм шөлінің солтүстік бөлігі, Арал өңірі Қарақұмы, Арысқұм және Оңтүстік Қазақстан өңірінің шөлейтті үстірті жатыр. Құрғақшылық – облыс климаты ерекшелігінің бірі. Жауын-шашынның орташа жылдық мөлшері - 100-190 мм аспайды және жыл маусымдарында оның түсімі біркелкі емес: барлық жауын-шашынның 60% көктемгі-қысқы кезеңдерге тиесілі.

Экологиялық тұрғыдан осал аймақ ретінде Қызылорда облысы географиялық, кеңістіктік-уақыттық және әлеуметтік-экономикалық сипаттамаларына байланысты, олардың арасында аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы, ауылдық жерлерде өмір сапасының төмендігі, сапалы ауыз судың жетіспеушілігі және Арал теңізі проблемаларына байланысты экологиялық жағдайды (шөлдену процестері) атап өту керек, үлкен аумақтардағы топырақтардың тұздануы, олардың пестицидтермен және гербицидтермен, ауыр металдар тұздарымен ластануы) [1, 16 ] Зерттеушілер Арал мәселесінің пайда болуын тек табиғи процестің ғана емес, негізінен 20 ғасырдағы антропогендік фактор ықпалымен байланыстырады [2]

Арал теңізінің тартылуы – әлемдік әлеуметтік-экологиялық апат. Бұл қарқынды шөлейттену және қоршаған ортаның деградациясының тұрақты қайтымсыз процестері, өмір сүру жағдайларының нашарлауы және аурушандықтың жоғарылауы жаңа әлеуметтік-экономикалық және экологиялық жағдайларды тудырды. Қалыптасқан жағдай экологиялық қолайсыз аймақтарда тұратын халықты заңнамалық шешімдер мен әлеуметтік қорғау шараларын құқықтық реттеуді талап етеді.[1, 6 ]

Қоршаған ортадағы, оның ішінде климаттық және көші-қон процестеріндегі өзгерістердің өзара байланысын зерттеуге арналған көптеген зерттеулер экологиялық көші-қонның аналитикалық шеңберінің негізгі ережелерін тұжырымдады. Экологиялық көші-қон себептерінің арасында қоршаған ортаның кенеттен немесе біртіндеп өзгеруі ерекшеленеді, соған байланысты экологиялық көші-қон ерікті, мәжбүрлі немесе аралас болуы мүмкін. Экологиялық көші-қонның себептерін оның кеңістіктік (ішкі немесе халықаралық көші-қон) және уақытша (уақытша немесе тұрақты негіздегі көші-қон) сипаттамалары да айқындайды. Кенеттен табиғи құбылыстардан да, адамның тіршілік ету ортасы тозуының баяу үдемелі процестерінен туындаған көші-қон - негізінен ішкі көші-қон сипатында, халықтың бір ауылдық жерден екінші ауылдық жерге немесе қалаға ауысу. Ғылымда «экологиялық мигрант» ұғымы пайда болды. Олар - қоршаған ортаның кенеттен немесе прогрессивті өзгеруінің себептері бойынша, олардың өміріне немесе өмір сүру жағдайларына теріс әсер ететін, әдеттегі тұрғылықты жерінен кетуге, уақытша немесе тұрақты негізде таңдау жасауға мәжбүр болған және ел ішінде немесе одан тыс жерлерде қозғалатын адамдар немесе адамдар тобы. Сонымен қатар зерттеушілер табиғи сипаттағы төтенше жағдайға байланысты елден тыс жерлерге көшіп кеткен адамдарға қатысты «экологиялық босқын» немесе «климаттық босқын»терминдерін қолданады. [3,6]

Арал өңіріндегі демографиялық үрдістер 1960 жылдардың басында әлемдегі ең ірі ішкі көлдердің бірі болған Арал теңізіндегі су деңгейі мен көлемінің күрт төмендеуінен туындаған қоршаған ортаның тозуы зардап шеккен аудандардан халықтың экологиялық қоныс аударуына себеп болды. Ол,ең алдымен, экологиялық апат аймағына жатқызылған

аудандардан шыққан. Мәселен, Қызылорда облысының экологиялық апат аймағындағы Арал және Қазалы аудандарындағы халық саны 1994 жылдан 1999 жылға дейін тиісінше 13% және 7,4% қысқарды. [3,15] Экологиялық себептер бойынша мәжбүрлі көші-қон осы аудандар «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» 1992 жылғы 30 маусымдағы №1468-ХІІ заңмен экологиялық апат аймағына жатқызылған критерийлердің біріне айналды. Осы аймақтың шекараларын анықтау үшін басқа да өлшемдер: халық өлімінің тұрақты өсуі; қоршаған табиғи ортадағы ластаушы заттардың шекті жол берілетін шоғырлану нормативтерінің халықтың өміріне қауіп төндіретін мөлшерде асып кетуі; экожүйелердің толық жойылуы және олардың өзін-өзі сауықтыру қабілетінің жоғалуы болды; су объектілерінің ғасырлар бойғы ауытқулардан асатын апатты таяз болуы.

1999 жылдан бастап Арал және Қазалы аудандарында халық саны қалпына келе бастады және 2008 жылға дейін өсті. 2008-2009 жылдары тіркелген халық санының азаюы, ең алдымен, әлемдік қаржы дағдарысының салдарымен байланысты. 2009 жылдан кейін аудандар қайтадан сан жағынан өсуде. Қазақстандағы, соның ішінде Қызылорда облысындағы шөлейттену нәтижесінде миграцияға ұшырау құбылысы терең ғылыми талдауды талап етеді. [4]

Шөлейттену процесі өңір халқының денсаулығының анағұрлым нашарлауына алып келді. 2011 жылы Қызылорда облысында халықтың 100 000 адамға шаққандағы Алғашқы сырқаттанушылық 1995 жылдан бері бірінші рет ел бойынша ұқсас көрсеткіштен аз болып шықты. Алайда, бірқатар аурулар бойынша өңір жоғары көрсеткіштерді сақтап отыр. Мысалы, қан және қан жасаушы органдар ауруы көрсеткіші Қызылорда облысында республикалық орташа көрсеткіштен 4 есе, жүйке жүйесі аурулары 1,5 есе көп. Ал нәресте өлімі көрсеткіші 2 есе жоғары. Осы және басқа да ауру түрлерінің кең таралуын зерттеген мамандар табиғи ортаның бұзылуы өмір сүру ұзақтығына да ықпалы бар екенін дәлелдеуде. [5]. Арал өңірі халқын әлеуметтік жағынан қолдау мақсатында экологиялық қасірет аймағында тұратын халыққа өтемақы қарастырылған [6].

Шөлейттену салдарынан жергілікті халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы да төмендеді. Мысалы, Арал бассейніндегі экономикалық жағдайдың күрт төмендеуі суармалы егін шаруашылығының қысқаруына, балық және балық аулау шаруашылығының дағдарысына, мал өнімдерін өндірумен қатар рекреация және туризм саласының құлдырауына алып келді. Сумен байланысты бағалы аң терісін өңдеу, қамыс дайындау, көлік саласы да шығынға ұшырады. Осылайша, Арал маңындағы экологиялық ахуалмен байланысты Оңтүстік Аралдағы әлеуметтік-экономикалық тікелей және жанама шығындар 144,83 млн долларды құраған. [1,39] Ал солтүстік жағындағы шығын 2004 жылы 47,96 млн долларды құрады. [1,40].

Соңғы онжылдықтарда Қазақстан суармалы жерлердің 10/1 бөлігін құнарлығын жоғалтты, жайылымдардың 60% жарамсыз болып қалды. Пайдалы қазбаларды өндіру барысында 181,3 мың га жер зардап шекті. [7]. БҰҰ «Қазақстан Республикасының шөлейттенумен күресуге бағытталған 2020 жылға дейінгі Стратегиялық шаралары» Бағдарламасының баяндамасына сәйкес, елдің шөлейттену салдарынан жыл сайынғы шығыны 93 млрд теңгеге тең. Мәселені шешу үшін Қазақстан 1997 жылы БҰҰ «Шөлейттену туралы Конвенциясына» қол қойды. Жер, Орман, Су және Экологиялық кодекстер қабылдады. [8]. Кейін ҚР шөлейттенуге қарсы 200-2015 жылдарға арналған Бағдарламасы бекітілді. Ол бойынша жылына шамамен 1 млрд теңгеден астам қаражат жоспарланды. Алайда, 2008 жылғы оңтайландыру кезінде Бағдарлама қысқаруға ұшырады.

Шөлейттену процесінің әлеуметтік-экономикалық салдарын жан-жақты зерттеу, оған ғылыми-әлеуметтанулық талдау жасау және нақты шараларды жүзеге асыру стратегиясын ғылыми алаңда талқылау – кезек күттірмес өзекті мәселе.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Аральское море и Приаралье. Обобщение работ НИЦ МКВК по мониторингу состояния и анализу социально-экономической ситуации в данном ареале с 1994 г. по 2018 г. «Complex Print»- Ташкент, 2020
2. Алибеков Л.А., Алибекова С.Л. Социально-экономические последствия процесса опустынивания в Центральной Азии // Вестник РАН. 2007. Т. 77, № 5. – С. 420–425;
3. Экологическая миграция и ее последствия для социальной политики на примере Кызылординской области (Рабочий отчет) Алматы, 2013;
4. Глазовский, Н. Ф., Кудинова, Н. В., Одинокова, Л. Ю., Стрелецкий, В. Н., Шестаков, А. С. *Миграции населения в странах СНГ, связанные с опустыниванием и засухой.* М. 2000; Лукьянец А., Рязанцев С., Моисеева Е., Маньшин Р. Экономические и социальные последствия экологической миграции в странах Центральной Азии // CENTRAL ASIA AND THE CAUCASUS, Том 23 Выпуск 2, 2020, с.160-176; Кульпин Э.С. Современный локальный социально-экологический кризис //История и современность,2007,1
5. Әлназарова А.Ш. Қоршаған ортаның зиянды факторларының Арал өңірі тұрғындарының аурушандығына әсері. // Гигиена труда и медицинская экология. - 2010. -№1(26). - С.15-21; Исаева Р.Б, Сарсенбаева С.С., Досметов А.Е., Джапаркулова Ж.К, Хен Е.В., Жубанышова Н.С. Сравнительная характеристика частоты и структуры врожденных пороков и аномалий развития мочевыделительной системы у детей районов Приаралья. - Медицина. - №11. - 2005. - С 82-83; Султанкулова Ж.В., Сарсенбаева С.С. Состояние мочевыделительной системы у детей, как индикатор экологических ситуаций. // Материалы I(V) съезда детских врачей РК.- Астана: 2001. - С.186; Оракбай Л.Ж., Тяп А.Д., Сапарбеков М.К. Смертность населения как критерий экологического неблагополучия Кызылординской области. // Экология промышленного региона и здоровье населения. - Материалы Республиканской научно- практической конференции, посвященной 70-летию Академика НАН РК Г. А. Кулқыбаева. - Караганда: 2010. - С 101 - 102.; Жанбосынова б.Б. Анализ динамики выявляемости психических и поведенческих расстройств в Республике Казахстан по данным официальной статистики на период 1992- 2000гг. // Вопросы ментальной медицины и экологии. Том X. Спец. Выпуск. - М. - Павлодар: 2004. - С. 68-86.
6. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z920002600>
7. Смирнов С. Деградация земель в Казахстане / Евразийская интеграция. 2019, 7 ноября
8. Стратегические меры по борьбе с опустыниванием в Республике Казахстан до 2025 года. Астана, 2015 – 336 с